

Бюджет қарыздары бойынша есептеме жасау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 20 қазандағы N 1360

Бюджеттік мекемелердің жылу мен электр энергиясы үшін жинақталып қалған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджетке төлемдері бойынша төменде аталған шаруашылық жүргізуші субъектілер мен республикалық бюджет арасындағы жалпы сомасы 516,0 (бес жүз он алты) млн. теңге берешекке біржолғы есептеме жасайтын болсын, оның ішінде:

директивалық кредиттер бойынша "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамына 137 (жүз отыз жеті) млн. теңге, Экономиканы жаңғырту қорына - 95 (тоқсан бес) млн. теңге және Жер қойнауын қорғау мен минералдық-шикізат базасын ұлғайту қорына - 70 (жетпіс) млн. теңге есептеме жасасын;

Экономиканы жаңғырту қоры бойынша Тың темір жолы басқармасына - 160 (жүз алпыс) млн. теңге есептеме жасасын;

директивалық кредиттер бойынша "Алтайэнерго" электр энергиясы жөніндегі өндірістік бірлестігіне - 37 (отыз жеті) млн. теңге есептеме жасасын;

Экономиканы жаңғырту қоры бойынша Алматы темір жол басқармасына - 17 (он жеті) млн. теңге есептеме жасасын;

қаржыландыру кезінде "Қазақстанэнерго" мемлекеттік электр энергиясы компаниясы жүйесінің кәсіпорындары 1995 жылдың 1 қазанына дейін оларға берген жылуы мен электр энергиясы үшін мыналарға қарасты бюджеттік мекемелердің берешегіне: Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне - 120 (жүз жиырма) млн. теңге сомасында, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне - 238 (екі жүз отыз сегіз) млн. теңге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне - 12 (он екі) млн. теңге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетіне - 120 (жүз жиырма) млн. теңге, Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабына - 12 (он екі) млн. теңге, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне - 5 (бес) млн. теңге және Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне - 9 (тоғыз) млн. теңге, аталған сомаларды бюджеттің кірісі мен шығысы бөліктерінде көрсете отырып, есептеме жасасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК